КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

(қарар бөлігі)

2025 жылғы 9 шілде №7119-25-00-2/6349 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты, құрамында: төрағалық етуші судья А.Б.Бакишев, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электронды азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Астана-Аймақтық Электржелілік Компаниясы» акционерлік қоғамы

ЖАУАПКЕРЛЕР:
«Жеңіс» жеке кәсіпкері атынан Асамадин Жеңіс Құдайбергенұлы;
«Сапарбек» жеке кәсіпкері атынан Сапарбек Жәнібек Гаухарұлы;

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Сот АПК-нің 267-1 – 267-4 баптарын басшылыққа ала отырып,

ШЕШТІ:

Талап қоюшы «Астана-Аймақтық Электржелілік Компаниясы» акционерлік қоғамының жауапкерлер «Жеңіс» жеке кәсіпкері атынан Асамадин Жеңіс Құдайбергенұлы, «Сапарбек» жеке кәсіпкері атынан Сапарбек Жәнібек Гаухарұлын мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы - қанағаттандырылсын.

«Жеңіс» жеке кәсіпкері атынан Асамадин Жеңіс Құдайбергенұлы 2025 жылғы 27 наурыздағы №686 шарт бойынша мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Сапарбек» жеке кәсіпкері атынан Сапарбек Жәнібек Гаухарұлы 2025 жылғы 4 наурыздағы №589 шарт бойынша мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Документ подписан: Бакишев А. Б., 09.07.2025
Дата вступления в законную силу: 19.08.2025, судья Бакишев А. Б., 22.08.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

«Жеңіс» жеке кәсіпкері атынан Асамадин Жеңіс Құдайбергенұлынан мемлекет кірісіне 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

«Сапарбек» жеке кәсіпкері атынан Сапарбек Жәнібек Гаухарұлынан мемлекет кірісіне 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья А.Б.Бакишев

Документ подписан: Бакишев А. Б., 09.07.2025

Дата вступления в законную силу: 19.08.2025, судья Бакишев А. Б., 22.08.2025

7119-25-3-1/6196